

Жолаушыларды, багаж бен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 542 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 тамызда № 11930 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Заңының 1-бабы 58-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік етін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 10 шілде

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 542 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-14) тармақшасына сәйкес (бұдан әрі – Заң) әзірленді және Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың қолданысы: теңіз кемелеріне - олардың Қазақстан Республикасының теңіз жолдарымен жүзуі кезінде; ішкі суда жүзу кемелеріне, "өзен-теңізде" жүзетін кемелерге - олардың Қазақстан Республикасының теңіз жолдарымен, өзендерімен, көлдерімен, су қоймаларымен және басқа су жолдарымен теңіз портына кіре отырып, жолаушылар мен багажды тасымалдауды жүзеге асыру кезінде қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) багаж – теңіз көлігімен жіберу үшін буып-түйілген және жолаушыдан жеке тасымалданатын жүк;

2) каюталық багаж – жолаушының белгіленген мөлшер мен көлем шегінде өзімен бірге алып жүретін, жинақы буып-түйілген және каютаға немесе жалпы орындардағы сөрелерге еркін орналастырылатын заттары.

4. Қазақстан Республикасы арқылы Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен халықаралық транзиттік қатынаста жолаушылар мен багажды тасымалдау Заңға және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жолаушылар мен багаж тасымалы теңіз көлігімен тасымалдау шарты негізінде жүзеге асырылады.

2. Жолаушылар мен багажды тасымалдау

6. Жолаушыны теңізбен тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы портқа немесе межелі пунктке жолаушыны және жолаушы тапсырған жағдайда багажды тасымалдауға және багажды жолаушыға немесе алуға уәкілетті тұлғаға беруге міндеттенеді, ал жолаушы жол жүргені үшін, ал багаж тапсырған кезде – багажды алып жүргені үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

7. Жолаушыларды теңіз көлігімен тасымалдауды тасымалдаушы кесте бойынша ұйымдастырады. Жолаушыларды тасымалдау кестесін өзгерту туралы тасымалдаушы жаңа кестені бекіткен күнге дейін кемінде он бес күн бұрын хабардар етеді.

8. Билеттерді сату теңіз вокзалдарының билет кассаларында не жолаушының талап еткен жеріне жеткізу кезінде жеткізілгені үшін төлеумен жүзеге асырылады. Билеттерге тапсырыстар телефон арқылы немесе жолаушының өзі келген кезде қабылданады.

9. Билет кассаларының жұмыс уақыты мен тәртібін жергілікті жағдайлар мен кемелер қозғалысының кестесін негізге ала отырып, теңіз вокзалының бастығы белгілейді.

10. Билеттерді алдын ала сату кеменің жүзіп кетуіне дейін қырық бес күнді қоса алғандағы бір тәулікке дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

11. Жолаушының жол жүргені үшін және "Көлік туралы" Қазақстан Республикасы 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 13-бабына сәйкес жолаушы тегін алып жүретін, 35 кг аспайтын каюталық жүкті қоспағанда, оның багажын тасымалдау үшін төлемақы мөлшерін жолаушының жол жүруі және оның багажын алып жүру кезінде теңіз көлігімен тасымалдау шарты белгілейді.

12. Жолаушыларды теңіз көлігімен тасымалдау шарты жолаушының жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы (төлқұжат, жеке куәлік, он алты жасқа толмаған балалар үшін туу туралы куәлігі, бағыт бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту көзделмеген жағдайда Қазақстан Республикасы азаматының уақытша куәлігі) ұсынылған кезде берілетін билетпен, ал багажды тапсырған кезде - багаж түбіртегімен ресімделеді.

Билет пен багаж түбіртегінің нысаны осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша белгіленеді.

13. Жолаушы кемеге отырғызу кезінде тиісінше ресімделген билетті және осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

14. Жолаушының жеке басын куәландыратын құжаттағы ұсынылған билетте көрсетілген тегіне, атына, әкесінің атына (болған жағдайда) сәйкес келмеген кезде, не билеті немесе оның жеке басын куәландыратын құжаты болмаған немесе билетте тегі, аты, әкесінің аты түзетілген кезде жолаушы кемеге отырғызуға жіберілмейді.

15. Билетті билетте көрсетілмеген тұлға ұсынған жағдайда, билетті тасымалдаушы алады және оның құны ұсынушыға қайтарылмайды.

Бұл жағдайда тасымалдаушы билеттің алыну себебін көрсете отырып, акт жасайды.

16. Балаларға арналған және жеңілдетілген билеттер: он алты жасқа толмаған балалар үшін туу туралы куәлігі, жеңілдікті және тегін билеттер үшін жеңілдіктерге құқық беретін құжаттар болған жағдайда ресімделеді. Көрсетілген құжаттардың болмауы немесе қате ресімделгені көзделген жеңілдіктерді ескере отырып, билетті беруден бас тарту үшін негіз бола алады.

17. Мыналар:

1) багаж бен каюталық багажда жарылу қаупі бар, уландырғыш, тұтану қаупі бар, көз ашытатын, радиоактивті, химиялық, уыттандыратын, озонды бұзатын нәрселер мен оларды қамтитын бұйымдар есірткі, психотроптық және сасық заттар;

2) жылжымалы құрамды, жолаушылардың киімін, сақтау камералары мен ондағы заттарды ластайтын багаж тасымалдауға қабылданбайды.

18. Тасымалдауға өз мөлшері, орамы, ыдысы, торы және қасиеттері бойынша кемеге қиындықсыз тиеуге және орналастыруға болатын нәрселер, заттар мен үй жануарлары қабылданады.

19. Багажды тегін алып жүру нормасынан асып түсетін багажға багаждық тариф бойынша ақы төленеді.

20. Багаждың әрбір орны бейімделген немесе оны тиеу, қайта тиеу және түсіру кезінде тасымалдауға мүмкіндік беретін құрылғысы болады. Ыдысы немесе орамы барлық тасымалдау уақытында заттардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

21. Бейне және аудио аппаратура мен ерекше сақтықты талап ететін басқа да ұйымдастыру техникасы жол үстінде қайта тиеусіз тасымалдау кезінде сақталуын қамтамасыз етілетін орамда, ал қайта тиеу арқылы тасымалдауға тек қатты орамада қабылданады (жәшіктер және торлар).

22. Шыныдан жасалған багажды, бейне- және аудио аппаратура мен басқа да ұйымдастыру техникасын тасымалдауды ресімдеу кезінде олардың орамына үстінен немесе бүйір қабырғасының біріне "Абайлаңыз, әйнек", "Абайлаңыз, телевизор" немесе "Абайлаңыз, компьютер" деген тиісті жазу жазылады.

23. Үй хайуандарына багажды ресімдеу кезінде "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 1-бабының 10) тармақшасына сәйкес хайуанға арналған ветеринарлық паспорт ұсыну қажет. Үй хайуаны алып жүруге болатын торға орналастырылады.

24. Багажды ақауы бар орамда, ыдыста, торда тасымалдауға ұсынған кезде тасымалдаушы оны тасымалдауға қабылдаудан бас тартады.

25. Орамында багаждың жоғалу немесе бүліну қаупін тудырмайтын кемшіліктері бар багаж тасымалдау құжаттарында осы кемшіліктер туралы белгі соғылу арқылы тасымалдауға қабылданады.

26. Багаж межелі портқа (пунктке) келген соң багаж түбіртегін және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жолаушыға (алушыға) беріледі.

27. Жолаушы (алушы) беру туралы талап қойған багаж келмеген жағдайда, жеткізу порті (пункті) багаж түбіртегінің артқы жағына жеткізу мерзімі өткеннен кейін "Багаж келмеді" деген белгі жасайды, жылы, айы және күні белгіленген мөртаңба соғады және жолаушыға (алушыға) багаждың келгені туралы хабарлама жіберу үшін оның мекенжайы көрсетілген өтінішін алады. Бұл жағдайда хабарлама үшін ақы өндіріп алынбайды. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 шілдедегі азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) 705-бабына сәйкес Тасымалдаушы жүктің немесе теңдеме жүктің жоғалуынан, кем шығуынан немесе зақымдануынан (бүлінуінен) келтірілген зиянның орнын толтырады, жолаушыға (алушыға), жоғалған, кем шыққан, бүлінген немесе зақымданған теңдеме жүкті тасымалдау үшін алынған кіре ақысын қайтарады.

28. Табылған багаждың межелі портқа (пунктке) келгендігі туралы ол келген күні жолаушыға (алушыға) хабарлама жібереді.

29. Егер межелі портқа (пунктке) табылған багаждың келгені туралы жолаушыны хабардар етпесе, онда ол хабарлама жіберілгенге дейін багажды сақтаудағы мерзімі өткен күндер үшін ақы өндіріп алынбайды.

30. Багажды жеткізу мерзімі багаж жөнелтілген кеменің қозғалыс кестесіне сәйкес межелі портқа (пунктке) жүріп келу уақытымен анықталады.

31. Портқа (пунктке) жеткізілген күннен бастап алты ай ішінде талап етілмеген багаж көрсетілген мерзім өткен соң Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 245-бабына сәйкес ресімделеді.

32. Жолаушылардан тасымалдауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша түскен шағымдарды тасымалдаушы үш жұмыс күні ішінде қарайды, ол өткеннен кейін өтініш берушіге шағымды қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы жазбаша хабарлайды.

33. Егер багаждың жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) өз кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жолаушы багажының жоғалғаны, кем шыққаны немесе зақымданғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушы жауап береді.

34. Он бес жасқа толмаған және он бес жастағы балалар кәмелетке толған жолаушылармен бірге тасымалданады.

35. Егер бірге жүрген жолаушының өтініші бойынша балаға жеке орын берілсе, онда мұндай бала жеңілдетілген тариф бойынша тасымалданады.

36. Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған жолаушы ата-аналарының, қорғаншыларының немесе қамқоршыларының қолдаухаты бойынша іс-әрекетке қабілетсіз жолаушының қауіпсіздігін және қоршаған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті кәмелетке толған адамның сүйемелдеуімен тасымалданады.

37. Кресло-арбамен жүретін, өз бетімен жүре алмайтын жолаушыны немесе зәмбілдегі сырқат адамды тасымалдау осы жолаушыны тасымалдау уақытында оны күтіп-бағуды қамтамасыз ететін адамның сүйемелдеуімен жүргізіледі.

38. Көру қабілетінен айрылған жолаушыларды тасымалдау жетектеуші иттің ілесіп жүруімен жүзеге асырылады.

39. Егер де мұндай бөлмелер мен құралдар кеме конструкциясында көзделмеген болса, тасымалдаушы кресло-арбамен жүретін мүгедектерді ораналастыру және олардың кеме ішінде жүруі үшін (арнайы есіктер, алаңдар, отыратын жерлер, бекіту және тұрақтандыру құралдары, арнайы тұтқа және басқа құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар мен көліктік арбаларды сақтау үшін багаждық бөлім) қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

40. Рейстің алдында (кеменің жүк тиеу портынан шығу сәтіне) тасымалдаушы кеменің жүзуге техникалық жарамдылығын қамтамасыз етеді, тиісті жағдайда оны жарақтайды, экипажбен жасақтайды және барлық қажетті нәрселермен жабдықтайды. Теңіз порты капитанынан кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат алынғаннан кейін кеме теңіз портынан жүзіп шығуы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жолаушылар
мен багажды тасымалдау
қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Жолаушының билеті

Билет	Бақылау купоны (билетсіз жарамайды)	Кассир купоны
Серия №	Серия №	Серия №
Жолаушының Т.А.Ә.А	Жолаушының Т.А.Ә.А	Жолаушының Т.А.Ә.А
Жеке басын куәландыратын құжаттың №	Жеке басын куәландыратын құжаттың №	Жеке басын куәландыратын құжаттың №
Тасымалдаушы	Тасымалдаушы	Тасымалдаушы
СТН	СТН	СТН
Кеме атауы	Кеме атауы	Кеме атауы
Шығу порты	Шығу порты	Шығу порты
Шығу күні мен уақыты	Шығу күні мен уақыты	Шығу күні мен уақыты
Межелі порты (пункті)	Межелі порты (пункті)	Межелі порты (пункті)
Келу күні мен уақыты	Келу күні мен уақыты	Келу күні мен уақыты
Каюта № Сынып (санат) № орны	Каюта № Сынып (санат) № орны	Каюта № Сынып (санат) № орны
Билет түрі (толық, балаларға арналған, жеңілдікті)	Билет түрі (толық, балаларға арналған, жеңілдікті)	Билет түрі (толық, балаларға арналған, жеңілдікті)

Бағасы	Бағасы	Бағасы
Қызметтік белгілері:	Қызметтік белгілері:	Қызметтік белгілері:
Сатылған күні мен уақыты	Сатылған күні мен уақыты	Сатылған күні мен уақыты
Сату пункті	Сату пункті	Сату пункті
Билет кассирі	Билет кассирі	Билет кассирі

Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жолаушылар
мен багажды тасымалдау
қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Багаж түбіртегі

Кеме	Кеме
Жөнелту порты	Жөнелту порты
Межелі (пункт) порт	Межелі (пункт) порт
Багажды тасымалдау ақысы	Багажды тасымалдау ақысы
Шығатын күні	Шығатын күні
Берілетін күні	Берілетін күні
Түбіртектің сериясы _____ № _____	

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 542 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 25.10.2018 № 731 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-14) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының теңіз көлігімен жүк тасымалдау тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасы арқылы теңіз көлігімен халықаралық транзиттік қатынаста жүк тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жалпы авария – жалпы қауіпсіздік және жалпы теңіз кәсіпорнында мүлікті жалпы қауіптен сақтау мақсатында болған, осы Қағидаларға сәйкес жалпы теңіз кәсіпорны аяқталған күні мен орында кеменің, жүктің және фрахттың құнына мөлшерлес кеменің, жүктің және фрахттың арасында бөлінетін залалдар және (немесе) шығындар;

2) коносамент – тасымалдаушы жөнелтушіге беретін және жүктің тасымалдауға қабылданғанын куәландыратын құжат;

3) қауіпті жүк (бұдан әрі – ҚЖ) – өзіне тән қасиеттеріне қарай тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде техникалық құралдардың, қондырғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың жарылысына, өртенуіне немесе зақымдануына, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың мерт болуына, жарақаттануына немесе ауруына, қоршаған ортаға зиян келтіруге себеп болуы мүмкін жүк;

4) теңіз жүкқұжаты – жүктерді теңіз көлігімен тасымалдау кезінде ресімделетін тасымал құжаты;

5) тиеу ордері – жүк туралы қажетті мәліметтерді қамтитын жүк жөнелтуші қол қойған құжат;

6) чартер – теңіз арқылы жолаушыларды, багаж бен жүкті тасымалдау шартының бір түрі, бұл жағдайда жөнелтушіге бүкіл кеме, оның бір бөлігі немесе кеменің белгілі бір жайы беріледі;

7) экспорттық тапсырма – экспортқа жөнелтілетін жүк туралы қажетті мәліметтерді қамтитын жүк жөнелтуші қол қойған құжат.

2-тарау. Теңіз көлігімен жүктерді тасымалдау тәртібі

4. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушымен өзіне жүк жөнелтуші сеніп тапсырған жүкті межелі портқа жеткізіледі және жүкті алуға уәкілетті адамға (алушыға) беріледі, ал жүк жөнелтуші немесе қабылдаушы жүкті тасымалдау шартына немесе тарифке сәйкес төлемақыны төлейді және жүкті алуды қамтамасыз етеді.

5. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты жүкті теңіз арқылы тасымалдау үшін бүкіл кемені, оның бір бөлігін немесе кемедегі белгілі бір үй-жайларды (чартер) беру шартымен, сондай-ақ мұндай шартсыз жасалады.

6. Жүкті теңіз арқылы тасымалдау шарты осы Қағидаларға 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша коносаментпен, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша чартермен немесе осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша теңіз жүкқұжатымен (жүк жөнелтушінің және жүк тасымалдаушының қалауы бойынша) ресімделеді.

7. Жүкті тасымалдау үшін қабылдағаннан кейін тасымалдаушы жүк жөнелтушінің талабы бойынша жөнелтушіге коносамент береді.

Коносаментті жүк жөнелтуші ұсынатын тиеу ордері немесе экспорттық тапсырма негізінде тасымалдаушы жасайды және қол қояды.

Жүк жөнелтуші тасымалдаушыға коносаментке енгізу үшін табыс етілген деректердің дұрыстығына кепілдік береді және мұндай деректердің дұрыс еместігі салдарынан тасымалдаушыға келтірілген залал үшін жауапты болады.

8. Жүк жөнелтушінің қалауы бойынша коносаменттің бірнеше данасы (түпнұсқалары) беріледі, әрі олардың әрқайсысында қолда бар коносамент түпнұсқаларының саны көрсетіледі. Ұсынылған коносамент түпнұсқаларының біріншісінің негізінде жүк берілгеннен кейін оның қалған түпнұсқалары күшін жоғалтады.

9. Теңіз жүкқұжатын жүк жөнелтуші ұсынатын тиеу ордері негізінде тасымалдаушы жасайды және қол қояды. Теңіз жүкқұжаты кемінде екі данада ресімделеді, оның біреуі жүкпен бірге жүреді, ал екіншісі жүк жөнелтушіге беріледі.

10. Кемені жалға алу шарты чартермен ресімделеді.

11. Тиеу ордері немесе экспорттық тапсырманы жүк жөнелтуші жасайды және қол қояды, тасымалдаушыға жүкті ұсынумен бір уақытта беріледі, жүктің барлық жүру жолында онымен бірге жүреді және жеткізу портына (пунктіне) жүкпен бірге жүк алушыға беріледі.

12. Тасымалдаушының талабы бойынша каботажа жүктер жүк жөнелтуші пломбалаған кеменің үй-жайында тасымалданады.

13. Жүктердің тұрпаты мен қасиеттеріне байланысты олар коносаментте салмағы мен орын санын (ыдысты және даналаған жүктер) не тек орны (брутто) және басқа да қажетті деректерін көрсету арқылы тасымалданады.

14. Жүктің салмағы тапсырылатын жүктің жалпы салмағын, олардың жүк орындарында көрсетілген салмағын немесе жүк орнының стандартты салмағын негізге ала отырып, өлшеумен немесе есептеумен анықталады. Жекелеген жүктердің салмағы өлшеу бойынша есептеу жолымен немесе шартты түрде анықталуы мүмкін. Қауіпті, көлемі ірі емес, ауыр салмақты және басқа да арнайы жүктердің салмағы жүк жөнелтуші жариялаған белгіленген салмақ бойынша анықталады.

15. Жүктің салмағын есептеу жолымен, өлшеу бойынша немесе шартты түрде анықтауды барлық жағдайларда жүк жөнелтуші жүргізеді. Салмақ анықтаудың мұндай тәсілі туралы жүк жөнелтуші тиеу ордерінде немесе экспорттық тапсырмада ескертпе жасайды.

16. Порт өз айлақтарында және өз жұмыс күшімен қайта өлшеуді талап ететін жүктерді тиеген кезде салмақты анықтау порттың таразысында жүргізіледі.

17. Салмағы буып-түю кезінде анықталатын немесе әрбір жүк орнында көрсетілетін ыдысты немесе даналаған жүктер (орамсыз), сондай-ақ мөлшері мен салмағы стандартты жүк орындары тасымалдауға қабылдау және алушыларға беру кезінде өлшенбейді. Мұндай жөнелтімнің жалпы салмағын жүк жөнелтуші стандартты

салмақты немесе жүк орындарында көрсетілген салмақты негізге ала отырып анықтайды және тиеу ордерінде немесе жүкқұжатында көрсетеді.

18. Тасымалдау кезінде жүктің толық сақталуын қамтамасыз ету үшін ыдысқа салуды және орауды қажет ететін жүктер тасымалдау үшін жарамды ыдысқа салынып және оралып беріледі. Ыдыс және орам техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздіктің міндетті талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Жүк жөнелтуші жүкті тиісінше таңбалап, тасымалдаушыға ол туралы қажетті мәліметтерді береді. Жүк айрықша назар аударуды қажет ететін жағдайда жүк жөнелтуші жүктің қасиеттері мен оны күтіп-ұстаудың тәртібін тасымалдаушыға хабарлайды.

19. Тиеу үшін тасымалдаушыға берілетін кемелер теңізде жүзетін жағдайда болады: жүктерді тасымалдауға арналған трюмдер және басқа да жүк үй-жайлары бұрын тасымалданған жүктердің қалдығынан тазартылады және жүктерді тасымалдау мен сақтауды қамтамасыз ететін жағдайға келтіріледі.

20. Рейстің алдында (кеменің жүк тиеу портынан шығу сәтіне) тасымалдаушы кеменің жүзуге техникалық жарамдылығын қамтамасыз етеді, тиісті жағдайда оны жарақтайды, экипажбен жасақтайды және барлық қажетті нәрселермен жабдықтайды. Теңіз порты капитанынан кеменің теңіз портынан шығуына рұқсат алынғаннан кейін кеме теңіз портынан жүзіп шығуы жүзеге асырылады.

21. Кемеге жүк тиеу кеме капитаны бекіткен жүк жоспары бойынша жүргізіледі. Кемеді жүктерді дұрыс орналастыруды, бекітуді және бөлуді бақылауды кеме әкімшілігі жүзеге асырады. Жүк жоспарының жобасын кемеге жүк тиеуді жүргізетін ұйым жасайды. Кеме әкімшілігінің жүкті тиеу, орналастыру, бекіту, бөлу және түсіру бөлігіндегі нұсқауы жүк жұмыстарын жүргізетін ұйымдар мен тұлғалар үшін міндетті.

22. Жоспар тиеу және түсіру құралдарының өнімділігін, қоректендіргіш (конвейерлер) санын назарға ала отырып, тиеу және түсіру реттілігін, қажетті саны мен уақытын қамтиды.

23. Корпустағы шектен тыс кернеуді болғызбау үшін кеме, кемедегі жүк операцияларына жауапты командалық құрам меңгеретін мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған буклетпен, сондай-ақ оның ағылшын тіліндегі аудармасымен қамтамасыз етіледі.

Буклет:

1) енгізілген түзетулермен, 1974 жылғы Теңізде адам өмірін қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның II-1/5-1-қағидасының талаптарына сәйкес орнықтылығы туралы мәліметтерді;

2) екінші түптің бетінің төсеніш бірлігіне барынша рұқсат етілген жүктемесі;

3) трюмдегі барынша рұқсат етілген жүктемесі;

4) кеме корпусы құрылымының беріктігіне қатысты тиеу және түсіру, қоса алғанда тиеу, түсіру және рейс уақытында пайдаланудың ең төмен жағдайы бойынша кез келген шектеулерді қоса алғанда, жалпы сипаттағы нұсқаулықтарды;

5) танылған шетелдік жіктеуші қоғамы жазып берген, пайдаланудың ең төменгі жағдайы бойынша мұндай шектеулер ретінде кез келген арнайы шектеулерді;

6) беріктілікке арналған есептеулер – тиеу, түсіру және рейс кезінде кемеңіз корпусына әсерін тигізетін барынша рұқсат етілген күштер және сәттерді қамтиды.

24. Капитан кеме қызметкерлерінің жүк операцияларын тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді. Тиеу немесе түсіру кезінде өңделген жүктің санын көрсетілген терминалдың растауы мақсатында кемеңіз шөгуі өлшенеді.

25. Әрбір шөгуді өлшеу және жүк саны жүк журналына енгізіледі. Келісілген жоспардан айтарлықтай ауытқуы анықталған кезде жүк операциялары ауытқуды түзету мақсатында түзетіледі.

26. Жүк кемеде кеме капитанының қалауы бойынша орналастырылады, кеме палубасында жүкті орналастыру жүк жөнелтушінің жазбаша келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Жөнелтушінің жүкті кеме палубасында тасымалдау туралы белгісі бар коносаментті қабылдауы жүкті палубада тасымалдауға жүк жөнелтушінің келіскенін растау болып табылады.

27. Жүк орындары дөңгелек техниканы және контейнерлерді қос алғанда, бүкіл рейстер бойы Халықаралық теңіз ұйымының Теңіздегі қауіпсіздік жөніндегі комитетінің отырысында қабылданған "Жүкті бекіту жөніндегі ережені дайындау бойынша қайта қаралған нұсқаулықтың" талаптарына сәйкес дайындалған және танылған жіктеуші қоғамдары мақұлдаған Жүкті бекіту жөніндегі ережеге сәйкес тиеледі, орналастырылады және бекітіледі.

28. Тиеу және түсіру көлденең тәсілімен жүктік бөлмелі кемелерде Жүктерді бекіту бойынша нұсқаулыққа сәйкес барлық жүктік орындарды бекіту кеме айлақтан кеткенге дейін аяқталады.

29. Тасымалдаушы жүктерді теңіз тасымалдау шартында белгіленген мерзімде жүкті жеткізеді.

30. Жүкті алушы өзінің мекенжайына келген жүкті теңіз портына қабылдайды және одан әкетеді. Жүк алушыға жүкті беру коносаментінің түпнұсқасын ұсыну бойынша жүргізіледі.

31. Егер коносаментте алушының мекенжайы және жүктің келгені туралы хабарламаны жіберу тәсілі көрсетілген болса, тасымалдаушы оны жүк келген күні хабардар етеді.

32. Жүктің келгені туралы хабарлама белгіленген мерзімде тасымалдаушының кінәсінен жіберілмеген жағдайда, тасымалдаушы өзі кешіктірген күндер ішінде жүкті сақтағаны үшін төлемді өндіріп алу құқығынан айырылады. Егер қандай да

себептермен тасымалдаушы жүкті алушыны хабардар ету туралы тапсырманы орындай алмаса, онда ол бұл туралы жөнелту порты арқылы жүк жөнелтушіге хабарлайды.

33. Жүк алушыға жүк соңғысы тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемдерді төлегеннен кейін беріледі. Жүк алушы тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемді төлемеген кезде жүкті ұстап қалған тасымалдаушының талабы жүктің сатылған кездегі құны есебінен қанағаттандырылады.

34. Жүк жөнелтушінің талабы бойынша тасымалдаушы межелі пунктке жеткізілген жүктің салмағын және ыдыстың жай-күйін тексереді.

35. Межелі портта (пунктте) жүктің салмағын анықтау жөнелту пунктінде салмақ анықталған тәсілмен жүргізіледі.

36. Межелі портта (пунктте) вагондар немесе автомобиль таразылары болмаған кезде ақтарылмалы және құйылмалы жүктер жүкті тексерусіз беріледі. Жүк ыдыс ақаусыз кезде жүк алушыға салмағы тексерілмей орын саны бойынша беріледі.

37. Қабылдауы мен тапсырылуы рейдтік жағдайда жүргізілетін жүктер орын есептеумен немесе жүк жөнелтуші жариялаған салмақ бойынша, ал құйылмалы жүктер кемені өлшеу бойынша тасымалдауға қабылданады және жүк алушыға тапсырылады. Рейдтік жағдайда беру кезінде бүлінген ыдыстағы немесе ішіндегісінің жетіспеу немесе бүліну белгілерімен жүк орындарын ашу кеме бортында жүргізіледі.

38. Егер жүкті межелі портта (пункте) тексеру кезінде жүктің жоғалуы, бүлінуі немесе салмағындағы айырмашылық анықталған болса, тасымалдаушы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммерциялық акт жасайды.

39. Контейнерлердегі жүк тасымалдауға жүк жөнелтушінің бергендегі салмағымен және пломбасымен қабылданады. Ақаусыз контейнерлерде ақаусыз пломбаларымен келген жүктер жүк алушыға салмағын және контейнердің ішіндегісіне тексеру жүргізбей беріледі.

40. Ақаулы контейнерлерде, сондай-ақ пломбасыз немесе ақаулы пломбамен келген жүктер жүк алушыларға жүкпен контейнерде ілесіп жүретін құжаттағы деректермен жүктің салмағы, саны және жай-күйінің сәйкестігін тексеру арқылы беріледі.

41. Пакеттегі жүктерді тасымалдау кезінде жүктерді тасымалдаушы жүк жөнелтушілерден пакеттер саны бойынша әрбір пакеттегі жүк бірлігі орамының санын және жай-күйін тексермей қабылдайды және алушыға осындай ретпен береді.

42. Бір коносамент бойынша:

- 1) тез бүлінетін жүктерді осылайша бүлінбейтін жүктермен бірге;
- 2) тасымалдауы ерекше жағдайларды талап ететін жүктерді;
- 3) өзінің физика-химиялық қасиеттеріне қарай бірге орналастыруға болмайтын жүктерді;
- 4) тасымалдауы кедендік, әкімшілік және басқа да рәсімдермен сүйемелденетін жүктерді және тасымалдауы осы рәсімдерді талап етпейтін жүктерді;
- 5) әртүрлі сақтау мерзімдері бар жүктерді жөнелтуге рұқсат етілмейді.

43. Бір жүк жөнелтушінің бір алушыға және бір кемеде жекелеген коносаментпен біртекті орамдағы атауы бір жүктердің ұсақ лектерін жөнелтуге рұқсат етілмейді. Жүктің мұндай лектері біріктірілуі және бір коносамент бойынша жөнелтілуі тиіс.

44. Кеменің жалпы авариясынан шыққан шығындар кеме иесі мен жүк жөнелтушінің арасында кеменің, жүктің және бір күнгі кірепұлдың құнына тең және жалпы авария болған жерде бөлінеді.

45. Жүк туралы ұсынылатын ақпарат:

1) жүк жөнелтуші кеме капитанын немесе оның өкілін, жүктің тиісті орналастырылуы мен тасымалдау қауіпсіздігі үшін қажетті сақтық шараларын қамтамасыз ету мүмкіндігін беру үшін тиеуге дейін 3 тәулікке дейін жүк туралы тиісті ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Осындай ақпарат жүкті кемеге тиегенге дейін жазбаша түрде және тиісті жүкті тиеу құжаттарымен расталуы тиіс;

2) жүк туралы ақпаратта:

негізгі жүкті және жүк орындары түрінде тасымалданатын жүк жағдайында, жүктің жалпы сипаты, жүктің немесе жүк орындарының брутто салмағы және жүктің әрбір тиісті ерекше қасиеті қамтылуға, сондай-ақ Халықаралық Теңіз Ұйымының жүкті орналастыру мен бекітудің қауіпсіз тәжірибесі жөніндегі талаптарына сәйкес ақпарат ұсынылуы тиіс;

тиелетін жүк жағдайында – жүктің үлестік тиеу көлемі, штивка бойынша операциялар, қолдануы мүмкін болса, сусымалы жүктердің табиғи енісінің бұрышын қоса алғанда, орын алмастыруға бейімділігі және жүктің әрбір басқа тиісті ерекше қасиеті туралы ақпарат;

концентраттар мен сұйылуы мүмкін басқа жүктер болған жағдайда, тасымалдау үшін жүктің дымқылдығы мен дымқылдық шектері жөніндегі куәліктер түрінде қосымша ақпарат;

химиялық қасиеттері бар зиян келтіруі мүмкін тиелетін жүктер жағдайында, алдағы тармақшаларда талап етілетін ақпаратқа қосымша ретінде оның химиялық қасиеттері туралы ақпарат қамтылуы тиіс;

3) кемеге жүк орындарын тиегенге дейін, жүк жөнелтуші осындай жүк орындарының брутто салмағының тиеу құжаттарда көрсетілген брутто салмағына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

46. Улы немесе тұтанғыш газдар бөлетін немесе жүк үй-жайында оттегінің жарылуына себеп болатын ақтарылмалы жүкті тасымалдау кезінде газ концентрациясын немесе ауадағы оттегіні өлшеуге арналған аспап, оны пайдалану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулық болуы қажет.

47. Жүк кемесімен дәнді тасымалдау кезінде Халықаралық теңіз ұйымының Теңіздегі қауіпсіздік жөніндегі комитетінің MSC.23(59) бұрыштамасымен қабылданған

түзетулермен, Халықаралық дән кодексінің талаптарын басшылыққа алады, сондай-ақ танылған шетелдік жіктеуші қоғамдары берген дәнді тасымалдау рұқсаты туралы құжаттың болуы керек.

3-тарау. Теңіз көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау тәртібі

48. ҚЖ тасымалдау үшін шетелдің жіктеуші қоғамы берген ҚЖ тасымалдауға кемеңің сәйкестігі туралы құжаттың болуы тиіс.

ҚЖ тасымалдауға кемеңің сәйкестігі туралы құжат болмаған жағдайда, теңіз көлігімен ҚЖ тасымалдауға жол берілмейді.

49. ҚЖ тасымалдау, буып-түйілген түрдегі ҚЖ тасымалдауға қатысты көліктік ақпарат, сондай-ақ контейнерді/көлік құралдарын тиеу туралы куәлік Халықаралық теңіз ұйымының Теңіздегі қауіпсіздік жөніндегі комитетінің MSC.122(75) бұрыштамасымен қабылданған, түзетулермен Қауіпті жүктерді теңізбен тасымалдаудың халықаралық кодексіне (бұдан әрі – ҚЖТТХК) сәйкес болулары керек.

50. Буып-түйілген түрдегі ҚЖ тасымалдайтын кемеде ҚЖТТХК қолданылатын ережелерге сәйкес кеме бортында орналасқан ҚЖ және оның орналасқан жерін көрсете отырып, арнайы тізілім немесе жүк жоспары болуы қажет. Кемеңің шығуы алдында осы құжаттардың бір данасы порттың басшысы тағайындаған жауапты тұлғаға ұсынылады.

51. Арнайы тізілімде немесе жүк жоспарында кемеңің атауы, жүкті тиеу порты, коносаменттердің нөмірі, әр коносаменті бойынша жүктің атауы, массасы, көлемі және саны, жүкті жөнелтушілердің және жүк алушылардың атауы, жүкті таңбалауы көрсетіледі.

52. Осы Қағидалардың талаптарына сәйкес, тиісті түрде таңбаланған, қауіптілік белгілерімен және көбейтілген қауіптілік белгілерімен жабдықталған, көліктік құжатта сипатталған және куәландырылуы тиіс және барлық өзге де қатынастарда тасымалдауға дайындалған кезде ҚЖ тасымалдауға ұсынылады.

53. Осы Қағиданың ережелеріне сәйкес тасымалдаушы ҚЖ, егер оған көлік құжатының данасы немесе басқа да ақпарат ұсынылмаса тасымалдауға қабылдамайды.

54. ҚЖ-дағы барлық ақпарат соңғы белгіленген межелі орынға дейін онымен бірге болады. Бұл ақпарат ҚЖ көлік құжатында қамтылады және оны жеткізу кезінде жүк алушыға беріледі.

55. Егер ҚЖ сәйкес ақпарат тасымалдаушыға электрондық түрде берілсе, ол соңғы межелі орынға дейін тасымалдаудың барлық кезеңінде тасымалдаушыға қол жетімді болуы қажет және қажет болған кезінде қағаз нысанында кідіріссіз жаңғыртуы қажет.

56. Екі немесе одан да көп ҚЖ бір сыртқы ыдысқа орналасса, жүк бірлігі әрбір зат үшін қажет етілетін қауіптік белгілерімен және таңбалау жазуларымен қамтылады.

57. Тасымалдау кезеңінде ыдыс массалық жүктерге арналған орташа жүк көтергіш контейнерлерді (бұдан әрі – МЖОЖК) және ірі габаритті ыдысты қоса алғанда, жүк көлігінің бірлігіне көлденең және бойлап жылжыту немесе соққыны болдырмайтындай және тиісті сыртқы қолдауды қамтамасыз ету үшін нық бекітіледі немесе орналастырылады.

58. ҚЖ ҚЖТТХК-ның талаптарына сәйкес келетін және тасымалдау уақытында туындайтын әсерлерді және жүктемелерді ұстап тұруға қабілетті, соның ішінде, жүктік көлігінің бірліктері арасында немесе жүк көлігінің бірліктері мен қоймалары арасында қайта тиеу, сондай-ақ кез келген түпқоймадан орнын ауыстыру кезінде немесе кейіннен қолмен немесе механикалық өңдеу мақсатында пакетінен алу кезінде сапалы МЖОЖК және ірі габаритті ыдысты қоса алғанда буып-түйіледі.

59. Ыдысты тасымалдауға дайындаған кезде дірілдеу, температураның, ылғалдың немесе қысымның өзгеруі нәтижесінде тасымалдау кезінде төгілуіне жол бермейтіндей конструкциялайды және жабады.

60. Ыдысты дайындаушы ұсынған ақпаратқа сәйкес жабады. Жүк бірліктерін, МЖОЖК және ірі габаритті ыдысты тасымалдау кезінде қауіпті заттардың қалдығы сыртқы бетіне жабыспауы тиіс.

61. Ыдысты толтыру және төсеу кезінде ҚЖТТХК талаптары ескерілуі тиіс.

62. Зақымдалған, ақауы бар, ағып кеткен немесе ҚЖТТХК талаптарына сәйкес келмейтін жүк бірліктері немесе ағып кеткен немесе төгіліп кеткен ҚЖ апаттық ыдыста тасымалданады. Зақымдалған, ақауы бар, ағып кеткен немесе ҚЖТТХК-ның талаптарына сәйкес келмеген жағдайда қысымдағы апаттық түтіктерді қысымдағы түтіктермен тасымалдау үшін пайдалануға рұқсат етіледі. Апаттық түтікке және қысымдағы, апаттық түтікке "АПАТТЫҚ" деген сөзі түрінде қосымша таңба қойылады.

63. Тасымалдау уақытында зақымдалған немесе төгіліп жатқан жүк бірліктерін және түтіктерді қамтитын апаттық ыдыстың және апаттық түтіктің шамадан тыс орнын ауыстыруды болғызбау үшін тиісті шараларды қабылдау қажет.

64. Әрбір жүгі бар жүк бірлігіне тасымалданатын қауіпті жүктің қажетті көлік атауын және "UN" алдындағы әрпімен Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті нөмірін көрсететін таңба басылады.

65. Таңба ҚЖТТХК 5.2-тарауының талаптарына сәйкес басылады. Бұйымдар қапталмаған жағдайда, таңба бұйымның өзіне, оның тірегіне (ложемент) немесе қайта тиеу, сақтау немесе тиеп жөнелтуге арналған құрылғыға басылады.

66. Жарылуға, қауіпті әсерін тигізуге, жануға бейім, қауіпті жылуды көп беретін, улы, коррозиялық/уытты немесе тұтанғыш газдар немесе булар шығаруға қабілетті, сондай-ақ өз бетінше реакцияға бейім, химиялық белсенділігімен сипатталатын сезімтал жарылғыш заттарды және жарылғыш заттарды тасымалдаудың әдеттегі жағдайы кезінде заттар тасымалдауға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жүктерді
тасымалдау қағидаларына
1-қосымша
Нысан

№ КОНОСАМЕНТ

Жөнелтуші	
Жүк алушы	
Мекенжайы	
Кеме иесі	
Кеме	
Туы	
Жүк тиеу порты	
Жүк қабылдау порты	
Межелі порты (пункті)	
Коносамент төлеу фрахтасы	
Коносамент түпнұсқаларының саны	
Коносамент берілген жер	
Жүктің сыртқы жай-күйі	
Тасымалдаушының немесе оның атынан әрекет ететін тұлғаның қолы	
Маркалары мен нөмірлері	
Жүктің атауы	
Орындар саны	
Брутто салмағы	
Нетто, орамы салмағы	
Фрахта және басқа да шығыстар	Қай жерде және қашан берілді Кеме капитаны

Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жүктерді
тасымалдау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Чартер _____ чартер _____
(жасалған жері) (қол қойылған күні)

Кеме иесі _____

Кеме жалдаушы _____

Чартердің тармақтары	Тармақтардың мазмұнамасы
Кеменің атауы	
Кеменің сипаты және жай-күйі	

Жалдау мерзімінің шегі	
Тұратын күндері	
Кеме иесінің міндеттері	
Фрахталаушы міндеттері	
Жалдау ставкалары	
Фрахта мөлшері	
Фрахталаушыға ұсынылатын үй-жай	
Коносаменттер	
Отын	
Стивидорлар, лоцмандар	
Тіркеп сүйрегіштер	
Жүктің тұрпаты мен түрлері	
Жүк тиеу порты	
Жүкті тиеу орны	
Межелі немесе кеме баратын порт (пункті)	

Ескертпе: Кеме иесі мен Кеме жалдаушының қалауы бойынша чартер тармақтарының тізіміне жағдайға байланысты басқа тармақтар кіргізілу мүмкін.

Кеме	жолдаушының	атынан	Кеме	иесінің	атынан

Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жүктерді
тасымалдау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

№ Теңіз жүкқұжаты

Жөнелтуші
Жүк алушы
Мекенжайы
Кеме иесі
Кеме
Жүк тиеу порты
Межелі порты (пункті)
Маркалары мен нөмірлері
Жүктің атауы
Орындар саны
Брутто салмағы
Нетто, орам салмағы
Қ а й ж е р д е ж ә н е қ а ш а н б е р і л д і
Кеме капитаны

Қазақстан Республикасының
теңіз көлігімен жүктерді

Нысан

Жүк жөнелтуші				
Жүк алушы				
кеме	күні	қойма		күні
Жүк тиеу порты	Жүк түсіру порты	Дана саны		
Жүктің атауы	Орам түрі	Орын саны	Коносамент бойынша массасы	Коносамент нөмірі

[illegible]

Кеме капитаны _____